



12

желтоқсан
бейсенбі

2013 ЖЫЛ
№185 (18684)

Қызылорда облыстық газеті

1929 жылдың
1 шілдесінен шығады

www.syrboyi.kz



Қазақстан – біртұтас жер,
біртұтас халық және ортақ келешек.
Н. Назарбаев

ЖАС ҰРПАҚҚА ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҒЫЛЫМЫН ҚАЛАЙ ТАНЫТАМЫЗ?

САУАЛНАМА

Тәуелсіздік туралы жас ұрпақтың пайым-түсінігі ұстаздар берген тәлім арқылы қалыптасады. Азаттықтың ақ таны атқан 22 жыл ішінде білім саласының бағыты өз еліміздің тарихын тануға, тағылымын ұғуға қарай бет бұрды. Біз ұлы мереке қарсаңында ұрпақ тәрбиесінің негізгі буыны – балабақша мен мектеп тәлімгерлеріне хабарласып, «Жас ұрпаққа тәуелсіздік тағылымын танытуда қандай шаралар атқарылуы тиіс?» деген сауалды қойған едік.

Гүлбану Досжанова, №153 Ш.Есенов атындағы мектеп-лицейдің мектепалды даыралық тобының тәрбиешісі: — «Жастай берген тәрбие жас шыбықты игендей» деген сөз бар. Бірақ жеткіншектерге тәуелсіздік туралы түсіндіру, олардың бойында азат елінің өрбір жетістігін мақтанатын ету сөзімен қалыптастыру оңай емес. Сондықтан балаларға өткен әр жана сабақты тәуелсіз еліміздің тарихымен және бүгінгімен байланыстырамыз.

Сабаққа жиналған 5-6 жасар балалар ең алдымен жүрек тұсына қолдарын қойып, Әнұранды шырқайды. Бірі озып, екіншісі

қалып қойып шулап жатса да, олардың Әнұранға деген ықыластары ерекше. Соны көріп қуанамыз. Олар Елбасы, Астана, Бейтерек, туған жер туралы сұрақтарға мүдірмей жауап береді.

Меніңше, жас сана жаналықтың қай-қайсысын да сіңіріп алатындықтан, балаларға тәуелсіздік туралы сабақтар жас жеткіншектерді жалықтырмайтындай әртүрлі форматта жиі өткізіліп тұруы керек. Бірде ойын сабақ, енді бірде сұрақ-жауап түрінде, тағы бір жолы ата-аналарын қатыстыра отырып сайыс түрінде ұйымдастырудың берері мол. Қазіргі жана технологияның шексіз мүмкіндіктерін пайдаланып, еліміздің тәуелсіздік жылдары жеткен жетістіктерін, Астананың әлем таныған келбетін балаларға лайықтап көрсеткен сайын олардың ой-өрісі дамиды. Мақтаныш сөзімі ұяға түседі.

Көшербай Мұстақұл, №15 мектеп-лицей директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: — Бала бойына патриоттық тәрбие сіңіруде ең алдымен туған жерді қадірлеуді үйретудің маңызы ерекше деп ойлаймын. Жақында біздің мектеп-лицейдің 50 оқушысын ежелгі Сығанақ қаласының орнына саяхатқа апардық. Мектеп-лицей директоры Марат Төкенов «Өлкетану» пәнінің оқу бағдарламасына сәйкес осы сапардың оқушыларға берері мол болатынын айтып, ұйымдастыруға мән берді. Саяхатқа кәсіпкерлік және туризм басқармасының бас маманы Бекзат Ырза, облыстық тарихи

өлкетану мұражайының бөлім меңгерушісі Асхат Сайлау балалармен бірге барды. Облыстық ішкі істер департаментінің 2 көлігі балалардың тарихи орынға барудағы жол қауіпсіздігін қамтамасыз етті.

Бір айта кетерлігі, №15 мектеп-лицей оқушыларға туған өлкеміз таныту үшін осындай бастама көтеріп отыр. Шәкірттеріміз Сығанақтың қыпшақ мемлекетінің сауда және саяси орталығы болғанын, қазақ тарихының түп-тамырын ізлеген адам осы жерді айналып өтпейтінін түсінді. Сырдың бойында қазақтың 4 ежелгі астанасы орналасқанын, туған жердің төсі шежіреге тұнып тұрғанын саяхат барысында ұғына түсті.

Бұл сапарда балалар Сығанақтың, Ақ Орда мен Орталық Орда болып, онда теңге соғылғанын, сауда және қолөнер орталығы болғанынан мәліметтер алды. Бірнеше рет жонғар шапқыншылығына ұшырағандықтан қала бірте-бірте өзінің өмір сүруін тоқтатқан. Қаланың қазіргі орны бірнеше гектар жерді алып жатыр. Саяхаттан кейінгі сабақта шәкірттеріміз құм қойнауында жатқан тарихты зерделеу өздеріне жүктелген міндет екенін айтты. Біздің де көзденіміміз осы, яғни жас ұрпақтың тарихына, туған өлкесіне деген танымын ұлғайту болатын.

Сауланаманы жүргізген
Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

МЕРЕКЕЛІК БАҒДАРЛАМА

12 желтоқсан

17.00 — Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күніне арналған мерекелік концерт (Қызылорда қаласы).

17.00 — Н.Бекжанов атындағы облыстық драма театрында «Отты өзен», «Темиртау», «Елбасы жолы» фильмдерін көрсетілімі.

13 желтоқсан

11.00 Азаматтық қоғам институттары өкілдерімен, жастармен және 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысушылармен кездесу (Қызылорда қаласы).

16.00 Тұрмысы төмен отбасыларына арналған «Сыр мейірім» акциясы (Қызылорда қаласы).

14 желтоқсан

14.00 «Тәуелсіздік құрдастары». Жастармен кездесу (Қызылорда қаласы).

15.00 «Тәуелсіздік. Жасампаздық. Жарқын болашақ» атты салтанатты кеш (Шиели ауданы).

15 желтоқсан

16.00 — ҚР Тәуелсіздігі күніне арналған мерекелік салтанатты жиын (Н.Бекжанов атындағы облыстық музыкалық драма театры. Қызылорда қаласы).

16 желтоқсан

10.00-18.00 ҚР Тәуелсіздігі күніне орай сауда орындарында мерекелік акциялар (Қызылорда қаласы).

«Арзан базарында» азық-түлік өнімдерінің жәрмеңкесі. 16 бағытқа қатынайтын қоғамдық көліктердің халыққа тегін қызмет көрсетуі: (№1,2,3,9,11,12,14,16, 17,18,20 қоғамдық көліктері).

11.00 Орталық алаңда Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік концерттік бағдарлама (Қызылорда қаласы және барлық аудандарда).

• КӘСІПТІҢ КӨЗІН ТАПҚАНДАР

СӘТТІ ҚАДАМ

Не айтары бар, бұл күндері Сыр аймағы дүр сілкінген қырандай: қай салада болмасын құлашты кеңге салған үлкен ұмтылыстар жасалауда. Экономикалық серпін әлеуметтік оңалтуға ұласып, өңір дидары танымастай өзгеруде. Қызылорда құлпырып, Қазалы бойжеткендей бой түзеп, шағын қалалар санатындағы Арал шыррайлы шаһар атануға талпынып-ақ жатыр.

Осындай оптимистік көңіл-күй аралдық азамат Ғабит Бердалиевті тың талпынысқа бекіндірді. Қаршадайынан техникаға әуестігі оны 20 жылдан бері жол үстiнен iздетiлi. Әкесi Шөймерден аға Аралдағы балық өндiрiсiнiң жалаугер жүргiзушiсi болды. Тонналаған су маржанын тексерiсiне қызығушылығын қалыптастырды. Нәтижесiнде Жөңкеi Аюбаев жеңiмпазға арналған 50 мың теңгенi еңiшiледi. Ал Әбiлмiсiл Тұрғанбаев II орынға тiгiлген 30 мың теңгенi, Жеткерген Әбдiрейұлы III орынға белгiленген 20 мыңды иемдендi.

Жеңiмпаздарды марапаттаған қазылар алқасының төрағасы Молдахмет Қаназ бүгiнгi шараның маңызына тоқталды. «Жанқожа батыр» қоғамдық қорының төрағасы Нұрсұлтан Мұратбаев батыр баба бейнесi кескiнделген төсбелгi, алғыс хат тапсырды. Мұшiераның демеушiсi, баба ұрпағы Марат Назарханов ақшалай жүлде, Құдайберген Есекей бағалы сыйлықтар табыс еттi.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Байқоңыр қаласы.

табылды дегендейін, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» акционерлік қоғамы облыстық филиалына хабарласқаны мұн екен, ондағылар аралдық талапкердің өтінішін дереу қуаттады. Іскерлік кеңесу, мүмкіндіктерді сараптау Ғабит Бердалиевтің LВ300F маркалы трактор аулына белкөтерме 3 млн. 600 мың теңгені алақандас салды. Жетіспеген 1 млн. 713 мың теңгені өзі тапқан Ғабит 17 тамызда Ақтөбелден аталмыш техниканы Аралға аялап жеткізді. Салғанынан аяғымен жүргізіп, ұзақ жол сүргініне түсіруді дұрыс көрмеді.

Алып трактор игілігін ұзатпады. Арада апта өтпей жатып, қалалық көпсалалы коммуналдық кәсіпорын аудан орталығынан 35 шақырымдағы Конту бекеті манайынан тікұшақ қонатын алаң жасау жұмысына тартты. Он бес күндей ынырантып саз тасыды. Олан кейін қаладағы Судоверфь мөлтек ауданына бетон плита жиналды, құм тиеді, тұрғындардың қоныс қалдығын тасыды. Тазалық жұмыстарының барлығына үлгірді. Бас-аяғы 1 айдың ішінде отбасы бюджетіне әжәптәуір қаржы түсті.



Құрылысқа қатысты тендер жеңімпаздары жергілікті іскердің жана техникасын қолай көріп, келісімшартқа түрған жағы бар. Бұйырғас, жыл аяғына дейін тыным да болмайды, кіріс те молайды. Сәтті қадам жанаулық жарасымға ынтымақ өрнегін берелді. Ғабит — биыл үшінші мүшелде. Келіншегі Гауһар — аудандық еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде әлеуметтік қызметкер. Отасқандарына 15 жыл толды. Бір қызығы, бұлардың әкелері Шөймерден мен Нұрқожа сапарлас, әріптестер екен. Ғабиттың шешесі Алтыншаш үй шаруасын дөңгелентсе, енесі Майра озат балық өңдеу бригадирі атанған. Құдандалы екі ананың батағой тілегі әкелер рухымен үндестікте қос әулеттің қорғаны іспетті. Толғанайы тоғызыншы, Саяты бесінші сыныпта өзі түлеп ұшқан №62 орта мектепте оқыды. Бес жасар Бекзат ертемен «Гүлдер»

Жанабай КЕМАЛ.
Арал ауданы.

• СӘУЛЕТТІК КЕҢЕС

ҰЛТТЫҚ НАҚЫШ

классикалық үлгімен үйлесім тапса

Кеше аймақ басшысы Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен облыстық сәулет-қала құрылыс кеңесінің кезекті отырысы болып өтті.

Кеңес отырысына аймағымызда салынатын және қайта жаңғыртудан өткізілетін бірқатар құрылыс нысандарының жобалары ұсынылды. Олардың ішінде Қорқыт ата мемлекеттік университетінің №6 оқу корпусы мен Жалағаш аудандық ішкі істер бөлімі ғимаратының, эскиздік жобалары комиссияның келісімін алды. «Прогресс Проект» ЖШС басшысы Азамат Кенесариевтің айтуынша, №6 оқу ғимаратын жаңғырту барысында оның сәулеттік шешіміне баса назар аударылған. Жобада классикалық үлгідегі канондармен бірге ұлттық нақыштағы болулар өзара үйлестірілген. Қаражат облысымыздан Байқоңыр қаласы мені.

Кеңес мүшелерінің назарына Жалағаш кентіндегі №246 мектеп пен Шиели ауданы Майлытоғай ауылындағы

№141 мектептің жобасы да ұсынылған. Бұл жобалар кейбір олқылықтар толықтырылғаннан кейін келесі басқосуда талқыланытын болып шешілді. Ал, «Саутс-Ойл» компаниясының қаржысына Қамыстыбас көлінің жағалауынан бой көтеретін 100 орындық паркинг-профилакторийнің жобасын кеңес мүшелері бір ауыздан қолдады. Кеңес төрағасы, облыс басшысы ҚКөшербаев осы тұста туристік аймақта ірге көтеретін нысандарға қажетті инфрақұрылым бүгінгі таңда бюджет қаражатынан жеткізілгенін атап өтті. Айта кетейік, «ЭКПО-2017» халықаралық көрмесінің қатарына біздің облысымыздан Байқоңыр қаласы мені.

«Қорқыт ата» ескерткіш-мемориалы еніп отыр. Бұл әлемдегі төңдесі жоқ ғарыш айлағындағы ұшырылым сәтін

тамашалауға келетін шетелдік және отандық туристерге өңірдің көрікті жерлері мен тыңғыр орындарын көрсетуге мол мүмкіндік туады деген сөз.

Кеңесте күре жолдың бойында бой көтеретін бірқатар кәсіпкерлік нысандардың жобасы талқыға ұсынылды. Әсіресе Еуропа-Батыс Қытай» автоделізінің бойында үш санатты инфрақұрылым нысандары салынады. Солардың бірі кеңес мүшелері тарапынан қолдауға ие болды. Ол — Асқарбек Далхановтың басқаруындағы «Сырдария-Авто» ЖШС сервистік қызмет көрсету кешені. Ал өзге жобалар кері қайтарылды.

Кеңесті қорытқан аймақ басшысы аталған автожолдың бойынан салынатын түрлі кәсіпкерлік нысандар жобасы халықаралық талаптарға толық жауап бере алғанда ғана қолдауға ие болатынын жеткізді. Сонымен бірге құрылыс нысандарының қасбетіне ерекше мән беру қажеттігін тоқталған кеңес төрағасы ғимараттардың осы беті бірдей үлгіде болуын, онда ұлттық бояу қанық болып, оның өзге үлгімен үйлесім табуы тиістігін қадап айтты.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.

ҚАРАТАУДАН ҚАНАТТАНҒАН ӘН-ЖЫР

Асқар Тоқмағанбетов атындағы Қызылорда қалалық мәдениет үйінде Тәуелсіздік күніне орай Жаңақорған ауданының өнерпаздары өз өнерлерін көрсетті.

«Жаңақорған — өнер өлкесі» атауымен өткен шығармашылық кеште өнер иелері әсем өнімен, мың бұралған биімен, күмірлеген күйімен тыңдармандарының жандуысын баурап алды. Рухани кешті аймақ басшысы ҚКөшербаев тамашалады. Көрермендер Қаратаудан қанаттанған өнерпаздардың ән-жырына разы болды. Ұлғаш Президент күнінен бастау алған аудан өнерпаздарының шашуы жыл соңына дейін жалғасын таппақ, осы уақытқа дейін облыс орталығында Шиели, Қармақшы, Жаңақорған аудандары шығармашылық кеш өткізсе, жыл соңына дейін Жалағаш, Арал, Сырдария, Қазалы ауданы мен Қызылорда қаласының облыстық филармонияның өнерпаздары халыққа ерекше көңіл-күй сыйлайтын болады.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.



ҚҰЖАТТАРДЫҢ ҚАЗАҚШАСЫ ҚАНДАЙ?

Мемлекеттік тіл бүгінде ұлтты ұйыстыру мен біріктірудің басты құралына айналды. Оның қолданыс аясын кеңейту мақсатында 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Облысымызда бұл бағытта бірқатар жұмыстар атқарылуда. Дегенмен, әлі де мемлекеттік тілдің құжаттар айналымындағы рөлі күшейтуде жасалатын жұмыстар бар. Осыған орай облыс әкімінің орынбасары Ақмарал Әлжанұлының төрағалығымен мемлекеттік тіл саясатын жетілдіру жөніндегі жұмыс тобының отырысы өтті. Оған облыстық және аумақтық басқарма басшылары мен орталық қызметкерлері, тіл жанаушылары қатысты.

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы Ержан Уәйс тілдерді дамыту мен қолданудың, 2011-2013 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының өңірімізде орындалу барысы туралы баяндама жасады. Баяндамашының айтуынша, бағдарламаны іске асыруға облыстық бюджеттен биыл 14,2 млн. теңге қаржы бөлінсе, оның 9 млн. теңгеден астамы мемлекеттік тілді оқыту курстарын жүргізуге жұмсалған. Басқарма басшысы өзі жыл ішінде республикалық түрлі байқаулардан сырбылықтардың бірнеше жүлдеге ие болғанын айтты. «Басқарма бастамасымен облыстық еділет, ішкі істер департаменттері, көші-қон полициясы басқармасының қолдауымен мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, тегіміз бен аты-жөнімізді мемлекеттік тілде жазуды көпшілікке насихаттау мақсатында «Ата-тек» ата-баба аманаты» атты акция жарияланды. Осы қоюға бағынысты жарнамалық құралдар АХАТ бөлімдеріне, перзентханаларға таратылды. Сөйлеу мәдениетін жетілдіру, жастарды сөз өнерін білуге баулу, оларды көпшілігіңізге үйрету

мақсатында тілдерді оқытудың өңірлік орталығы жанынан «Шешендік өнер және тіл мәдениеті» үйірмесі жұмыс жасауда. Мемлекеттік органдарда әзірленетін іс қағаздардың мемлекеттік тілдегі үлесі жүзеге түрде артып келеді», деді Е.Уәйс.

Жұмыс тобының отырысында қаралған екінші мәселе Қазіст бағдарламасы бойынша сынақ тапсыруға дайындық жұмыстарының жүргізілуі жайы болды. Бұл туралы тілдерді оқытудың өңірлік орталығының директоры Нұрсәуле Мұсаева баяндама жасады. Қазіст жұмысінің негізгі мақсаты 2008 жылғы Ұйымт қаулысымен белгіленді. Бес жыл ішінде орталықтан мемлекеттік тапсырыс есебінен 1232 ындаушы оқу курстарынан өткен. 2011-2013 жылдар аралығына Қазіст жұмесі бойынша тест өткізу мониторингі жасалды. Мұнда Қазіст Ұлттық бірқынғы теспілеу орталығы арқылы 27566 теспістен өткен болса, орталық арқылы 2205 адам өтті.

Мәжілісті қорытындылаған облыс әкімінің орынбасары мемлекеттік тілді оқыту мәселесін әлі де жетілдіре түсу керектігін айтты. Тілге байланысты ғаламтор арқылы олимпиадалар өткізуді қолға алу қажеттігіне баса назар аударды. Соңында А.Әлжанұлы «Халықаралық «Қазақ тілі» ұйымы» қоғамдық бірлестігі облыстық филиалының төрағасы Сәдуақас Аңсаровты «Тіл жанаушы» құрмет белгісімен марапаттауына орай құттықтады. Сондай-ақ, Тәуелсіздік күніне орай өткізілген «Ең үздік қазақ тілді мекеме» байқауының жеңімпаздары анықталып, оларға бағалы сыйлықтар табысталды.

Айсәуле САҒАТБЕКҚЫЗЫ.

• АҚЖОЛТАЙ

ТІЛ ТІЛЕКШІСІ

Ел Тәуелсіздігі мерекесіне орай ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің ұйымдастыруымен Алматыда мемлекеттік тілді жетілдіру және деңгейде меңгерген өзге ұлт жастарын анықтау және ынталандыру мақсатында республикалық байқау өткізілген болатын. «Тіл—халық жаңын танудың кілті» атты байқауда жерлесіміз Жаңақорған ауданындағы №169 орта мектептің 9-сынып оқушысы Анастасия Балясникова жүлделі бірінші орынға ие болды. Қазақ тілінің айбынын асқақтатуға үлес қосып жүрген Анастасияға қанатың тапмасын, өркендей бер дегіміз келеді.



КОМИССИЯ МӘЖІЛІСІ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен облыс әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы комиссияның 2013 жылғы екінші жартыжылдықта атқарылған жұмыстарын қорытындылау мақсатында кезекті отырысы болып өтті. Онда төрт мәселе қаралды.

Бірінші мәселе, облыс аумағындағы ақпараттық-насихаттық топтардың жұмыс барысы жайында болды. Бұл туралы облыстық тіл істері басқармасының басшысы Б.Камалов және облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Ж.Базартай хабарлама жасады. Сондай-ақ, өзекті мәселенің алдын алу бойынша тұрғындар арасында ақпараттық түсіндіру жұмыстарының орынбасары, комиссия аппаратының басшысы М.Бөйімбетов комиссияның биылғы жылғы жұмыс қорытындылары мен 2014 жылы атқаратын жұмыс жоспарын таныстырды.

Жиында аймақ басшысы ҚКөшербаев комиссия құрамына кірген мемлекеттік органның басшыларына тиісті хаттамалық тапсырмалар жүктенді.

Мейрамғұл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

«ҚазГерМұнай – 20»




ҚазГерМұнай

ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
БІРІККЕН КӘСІПОРНЫЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ КЕПІЛІ

«ҚазГерМұнай» бүгінде өзінің жаңалыққа толы тың қадамдарымен өзі мазмұндас кәсіпорындардың ішінде айтулы ұжымға айналды. Өңгіме мұнай өндіруші кәсіпорындардың бүгінгі тыныс-тіршілігіне қатысты болып отыр. Технологиялық жағынан өркендеу арқылы жаңа жетістіктердің асуы алынды.

Біздің пікіріміз бойынша мұндай тәжірибе ұжымда осы саладағы шетелдік, сонымен қатар отандық, бұрынғы кеңестік озық үлгілерді қалыптастыру негізінде өмірге енді.



2007 жылы мұнай компаниясы 3 млн. тонна мұнай өндіру деңгейіне қол жеткізді. Сөйтіп, ол Қазақстанның ірі мұнай өндіруші 10 компаниясының қатарына енді. Егер үстіміздегі жылдың 1 шілдесіндегі дерекке жүгінесек, «ҚазГерМұнайдың» өндірген мұнай көлемі 31,5 млн. тоннаны, ал газ өндіру көлемі 5,3 млрд. текше метрді құрайды.

Елбасының бастамасымен 2010 жылдан бастап елімізде Индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы жүзеге асырылуда. Еліміздегі осы бағыттағы 72 жобаның қатарында Ақшабұлақ кенішіндегі газ дайындау қондырғысының екінші кезеңі ірі жобалардың бірі болып табылады. Мұнайшылар жемісті еңбек етті. Президенттің тапсырмасын мұлтіксіз орындап, 2011 жылы Елбасы алдында тікелей теледидарда бұл қондырғының пайдалануға берілуі жөнінде баяндады. Қазір кәсіпорын осы қондырғының жұмысы нәтижесінде ілеспе газды өңдейді. Ал, қызылордалықтар өңделген газдың игілігін пайдаланып отыр. Сонымен бірге, бұл қондырғы газ-турбиналық электрстансаның пайдалануға берілуімен электр қуатын өндіруге белсене кірісті.

«ҚазГерМұнайдың» өндірістік жұмыстары автоматтандырылған. Осының нәтижесінде еңбек өнімділігі өсіп келеді. Оны мына көрсеткіштерден айқын аңғаруға болады – компанияда бір адамға шаққанда 4306 тонна мұнай өндіріледі. Тағы бір көрсеткіш – алынатын қорлардың көрсеткіші 50 пайыз құрады. Мұнай өндірудің қиындай түсуіне байланысты компанияда жаңа технологиялар өндіру жоспарлануда. Сөйтіп, мұнайды өндіру көлемін сақтап қалу нәтижесінде облыстың экономикалық әлеуетін арттырудың мүмкіндіктері жан-жақты қарастырылуда.

Қазіргі таңда «Нұралы-Ақшабұлақ» мұнай құбырының құрылысы аяқталуға жақын. Тиісті қондырғыларды орнатумен бірге Қызылорда қаласының және жылу орталығының газға деген өскелең қажеттілігі қамтамасыз етілетін болады.

Компанияда Елбасының тағы бір тапсырмасы – өнім өндіру мен қызмет көрсетуде қазақстандық мазмұнды арттыру айрықша мәнге ие болып отыр. Қазіргі таңда компанияда қазақстандық мазмұн 98,4 пайызды құрайды. Сонымен бірге, біркелкі функционалдық міндетті орындайтын қазақстандық мамандар мен шетелдік мамандардың айлығы теңестірілді. 2012 жылы тауарлар бойынша жергілікті мазмұнның деңгейі 15 пайызды, жұмыстар бойынша 41 пайызды, қызметтер бойынша 16 пайызды құрады. 2013 жылы бұл көрсеткіштер біршама өсті. 2012 жылдың қорытындысы бойынша таза табыс бойынша рентабельділік 26,9 пайызды құрады. Таза табыс көлемі жоспардан 72,7 пайыз өсіп, 621,3 млн. АҚШ долларын құрады.

Компания келешекте газ көлемін ұлғайтуды жоспарлап отыр. Бұл межені жүзеге асыру 2014 жылы Ақсай кен орнын пайдалануға берілуімен байланыстырылады. Қазіргі таңда кеніштің айналасы көркейтіліп, ұңғымаларды қазу қолға алынды. Бұл кен орнын пайдалануға беруге газ өндіру деңгейін жылына 550 млн. текше метрге жеткізеді.

«ҚазГерМұнай» біріккен кәсіпорнының Оңтүстік Торғай бассейнінде жалпы көлемі 382 шаршы шақырым жерде көмірқышқыл шикізатын өндіруге лицензиясы бар. Компанияда 700-ден астам адам жұмыс істейді. Олардың барлығы жоғары білікті мамандар. Көпшілігі «Үздік маман-2013» конкурсында жеңімпаз атанған білікті жұмысшы-қызметкерлер қатарында.

Компанияның облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі айрықша. Қазіргі уақытта көптеген жұмыстар атқарылуда. Облыс әкімдігімен жасалған меморандумдар негізінде «Ігілік» қорына ақша аударылып отырылады. 2012 жылы бұл қорға 250 млн. теңге аударылса, үстіміздегі жылы оның көлемі 400 млн. теңгеден асып түсті. Ал, қорға жинақталған қаржы облыс орталығының сәулет-құрылыс жобаларын жүзеге асыруға, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық пен энергетиканы қайта жарақтандыруға, ғылым мен мәдениетті қолдауға, қаланы көркейтуге жұмсалуда. «ҚазГерМұнай» компаниясының қаржысымен облыс орталығында мұз сарайы пайдалануға берілді. 2013 жылдың қыркүйек айында оны Ел Президенті салтанатты түрде ашты.

Біріккен кәсіпорнының игілікті шаралары мұнымен шектелмейді. Компания аз қамтамасыз етілген отбасыларына, Батыр аналарға, Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және басқаларға ұдайы қаржылық көмек көрсетіп отырады. Сонымен бірге әлеуметтік, мәдени, спорт бағытындағы шараларға көрсетіліп жатқан көмектер қаншама.

2012 жылы компания Отан соғысы және еңбек ардагерлеріне демеушілік жасап, олар санаториялық-курорттық ем алып қайтты. Кәсіпорын спортты дамытуға ұдайы қолдау көрсетуде. 2012 жылы бірқатар спорт түрлері бойынша демеушілік жасады. Сонымен бірге мектепке дейінгі балалардың «Ұмай» қайырымдылық үйіне көмек көрсетілуде. Оларды дәрі-дәрмекпен, тағаммен қамтамасыз етеді. Үстіміздегі жылы осы үйдің қызметкерлерінің жалақысына да арнайы қаржы бөлінді. Жалпы, 2013 жылы компания тарапынан әлеуметтік жағынан қорғалмаған азаматтар тобына 21 млн. теңге бөлінді.

Демеушілік қаржы жөнінде айтқанда білім саласына жасалып жатқан қамқорлықтың жөні бөлек екенін атап өткіміз келеді. 2012 жылы өткізілген «Мектепке жол» акциясы бойынша облыстың 646 баласына

арнайы киімдер сатып алынды. Бірқатар балалар бақшасына жылу жүйелерін жөндеуге, басқа да керек-жарактарын сатып алуға тұрақты түрде қаржы бөлінуде. Мұндай қаржылық көмекті №7, №198, №233 орта мектептер мен «Сыр еркесі», «Ботакан» балалар бақшалары алды.

Компанияның қайырымдылық мақсатта жасаған игілікті шаралары тиісті деңгейде аталып өтуде. Атап айтқанда, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бойынша өткізілген республикалық конкурста серіктестік екінші жүлдені жеңіп алды. Республикалық «Парыз» деп аталатын бұл конкурсты Мемлекет басшысы Н.Назарбаев өз басшылығымен ұйымдастырғанын атап өткіміз келеді.

Әлеуметтік жауапкершілік – кең ұғым. Мұндай жауапкершілік еңбек ұжымына, компанияның ардагерлеріне де ұдайы бағытталып отыр. Кәсіпорындағы ұжымдық шарт Қазақстандағы үздік еңбек қатынастарының құжаты ретінде қабылданды. Жұрыда ұжым 2013-2015 жылдарға арналған жаңа ұжымдық шартқа қол қойды. Бұл шарт бойынша осыған дейін көрсетіліп келген әлеуметтік көмектердің қатары кеңейе түсті. Үйленгендерге, балалы болғандарға, жақын туысқандары қайтыс болғандарға бір дүркін көмек көрсетіледі. Оған мұнай-газ өнеркәсібі қызметкерлерінің күніне, Тәуелсіздік күніне арнап берілетін қаржылай көмектерді қосуға болады. Кәсіпорынның барлық қызметкерлері медициналық тексерулерден тегін өткізіледі. Әрбір қызметкер өзін және екі отбасы мүшесін медициналық сақтандырумен қамтамасыз ете алады. Ал, санаториялық-курорттық емделуге тілек білдіретін қызметкерлер оның жолдама құнының 10 пайызын ғана төлейді. Қалған қаржыны компания мойнына алады. Балалар лагеріне арнап 2012 жылы компания 75 млн. теңгеге жуық қаржы бөлді. Ал, үстіміздегі жылы бұл қаржы көлемі 100 млн. теңгеден асты.

Компания басшылығы игеріліп жатқан жаңа кеніштердің маңында қоршаған ортаны сақтау шараларын тұрақты жүргізіп отырады. Бұл мақсатта табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың жаңа технологиялары ескеріледі. Үстіміздегі жылы компания қоршаған ортаны ластайтын қалдықтарды шығару көлемін бес есе азайтты.

Міне, ширек ғасырға жуық табысты еңбек етіп жатқан компанияның бүгінгі жетістіктері осындай. Еліміздің өркендеуі мақсатында қажырлы, тынымсыз еңбек етіп жатқан «ҚазГерМұнай» бүгінде Сыр өңірі ғана емес, Қазақстанның айтулы еңбек ұжымына айналды.

Ж.ӘЛМАХАНҰЛЫ.



АЗЫРАҚ ЖҮРІП ӨМІРДЕ, КӨБІРЕК ҚАЛҒАН КӨҢІЛДЕ



Бұл осыдан он жыл бұрынғы оқиға еді. Жұмыстан келіп, жуынып-шайынып жатқанында телефон шыр ете қалды. Тұтқаны көтерсем, Шаран аға екен. Өңімісін қалжыңмен бастайтын ағамыз өзінің жұмсақ даусымен: «Күлдір, бүгін театрда тәуір бір нәрсеге алаңдағандай күйдемің. Осы бір тылыс түістіктің астарында жақын адамымнан айырылатын жаман хабарды жатқанын білгім жоқ, өрине. Сағат онның шамасында той іесіне рахметімізді айтып, жолдасымыз скеуіміз үйге қайттық. Аз уақыт өтпей-ақ күйеу балам Икрам телефон шалып, «Күлдір, Шаран аға қайтыс болды, біз сендерге қарай бара жатырмыз, тез жиналыңдар», – деп тұр.

Бүкіл өн бойым қалтырап кетті. Төбемнен біреу мұндай су құйып жібергендей мешіліп қатып қалдым, тамағымға келіп кетпейтін қалған ашы бір нәрсесі – өксік пе, талықсып шыға алмаған үн бе... өйтеуір меніреу, мен-зекен болдым да қалдым. Бұл не деген жалған дүние?! Кешкісі ғана телефон арқылы хабарласқан жайсаң жездем осылайша жанду-немізді алай-дүлей етіп мәңгілік мекеніне қарай аттанып кете барды.

Содан бері қол бұлғап қалғандардың қарасын әп-сәтте жоқ қылатын жүрек пойыз сияқты зымыраған уақыт зымдап өте шықты. Он көктем, он жаз, он күз ауысты. Енді, міне, оныншы қыс та келді, бірақ бұл қыс сол қыстағыдай қалың қарамен емес, табындынан өтіп төбене жеткен сыз-ағзымен келді. Түп-тура біздің жүрегіміздегі сағыныш шері секілді.

Бақыт пен шаттыққа толы отбасының дінгеі болған Шаран аға Арал ауданының тумасы, теңіз төскейінің перзенті еді. Мамандығы құрылысшы болатын. Көсібіне адал, ортасына сыйлы, ағайынға абыройлы азамат соңғы жылдары Қызылорда қаласындағы кәсіптік-техникалық мектепті басқарды.

Отанасы Ұлбосын бүгінде балаларына ақыл беріп, ошағының берекесін кіргізіп, ырысын тасытып отыр. Ұлы Нұрлан – «АзретСтройсервис» ЖШС директоры. Папасының ізін қуып, үй салумен айналы-

сады. Атасы өмірден озғаннан кейін әр бейсенбі сайын дастарқаннан жайып, күлшесін пісіріп отырған келіні Гүлмира айналасына сыйды. Көзі тірісінде балдай қылығымен сүйсіндіріп, қолынан тастамайтын немересі Айдаңа бұны оныншы сыныпта, ізнен өртенісі Ислам үшінші сыныпта оқыды. Екеуі де мектебінің, отбасының мақтанышы болып өсіп келеді. Өкінішке орай, Ислам атасын қабырғадағы үлкен суреті арқылы ғана таниды. Папасы қайтыс болғанда қайғыдан қабырғасы қайтса: «Папа-ау, бізді қайда қалдырып барасың?» – деп боталай бозалаған Гүлнұр мен Ақмарал бүгінде қызметтерін адал атқарып, кеуделерін тіктеп, үлкен өмірге араласып кетті. Ақмарал Еркін атты жігітпен отбасын құрып, қолдарында Айзере деген кішкене сөбілері бар. Жеке кәсіппен айналысатын Гүлнұр «қайтсем маманның қабағына кіріп түсірмеймін» деумен анасының жанына жалау болып, ісін дөңгелетіп отыр.

Шарандай жайсаңды ағайын-туыстың бөрі де іздейді, сағынады. Орын ештеңемен толтыра алмай жоқтайды.

Енді оның өмірінің жалғасын ұрпағына бере-гөр, Алла, деп тілек етеді.

Алдың пейіш, артын кеніш болсын, қайран менің жайсаң жездем!

Күлдірін СЕЙІТЖАНҚЫЗЫ.



Қызылорда қаласына қарасты Абай ауылының азаматы, біздің аяулы өкеміз Жолай Маханбетұлы Шегенбаевтың дүние салғанына қырық күн өте шықты.

ЖАРАТҚАН, ЖАР БОЛА ГӨР ЖАҚСЫМЫЗҒА

Бізге, балаларына адамдық асыл болмысты аманат етіп, елу бес жыл отасқан жарына алғысы мен ризалығын айтып кешулескен асқар тауымыз құн санап сағынышқа айналды, алыстап бара жатыр.

Қуанғанда қанат тағып жебеген, қиналғанда қуат беріп демеген қасиетті өке деген есімінің енді жерде біз сара жолын жалғап, бойымызға сіңген асыл өнегесін келешекке алып барамыз.

Өкеміз жан-дүниесіне жақсылық тоқыған, сабырлы серік етіп, қайбір нәрсеге

де қанағатпен қарайтын абзал жан еді. Ардақтымыздың осы бір адами биіктігі оның имани амалдарын молайтып, Алла құзырындағы жүзін жарқын қылғай деп тілек етеміз.

Жылай-жылай қамықтым, Күні қандай тамұқтың. Ақыретте Раббым, Жұмақтан бер, жарық күн.

Шүкір менен шыдамаға, Сый бар дейді Құранда. Екі дүние егесі, Сендім, саған бір Алла,

– деп жүрегіміздегі жаралы сезімді Жаратқанның жауынан жақсылық күтіп емдейміз. Жатқан жерін жаннаттан қыла көргейсің, деп дұға бағыштаймыз.

Ағайын-туысқа өкеміздің қырық күндігі Абай ауылы, Абай көшесі, 66-үйде өткізілетін хабарлаймыз. Қонақасы 13 желтоқсанда сағат 17.00-де, асы 14 желтоқсан күні сағат 12.00-де беріледі.

Сағынышпен еске алушылар: **балалары мен немерелері.**

«Қазақстан Республикасы Телерадиокорпорациясы» АҚ Қызылорда облыстық филиалының ұжымы Сыр журналистикасының ардагері Крючкова Галина Долдашқызына жұбайы **Хижияк Валерий Григорьевичтің** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

МЕДИЦИНА МАЙТАЛМАНЫ



Адамзаттың басты құндылығы денсаулықты мәпелейтін ізгілігі мол медицина саласында қызмет ету зор жауапкершілікті талап етеді. Облыстық қан орталығының директоры Еркебай Илиясұлы Аяповтың бұл саладағы еңбегі орасан. Есімі «Үздік адамдар» халықаралық энциклопедиясына енген майталманның денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі ұшан-теңіз. Еңбексүйгіштігімен ерекшеленіп, ұжымда ыстық ықылас пен зор алғысқа бөленген іскер басы.

Еркебай Илиясұлы Семей мемлекеттік медициналық институтын 1978 жылы тәмамдап, еңбек жолын Шығыс Қазақстан облысындағы Қатон-Қарағай аудандық орталық ауруханадан бастады. 1983 жылдар аралығында дәрігер-отоларинголог, 1985 жылдан Қызылорда облыстық ауруханасында ұйымдастыру-әдістемелік бөлімшесінде дәрігер-әдіскер, 1987 жылдың желтоқсан айынан 2004 жылдың сәуір айына дейін Қызылорда облыстық денсаулық сақтау бөлімінің кадрлармен жұмыс және медициналық жәрдем ұйымдастыру бөлімі басшысы лауазымында болды. 2004 жылдың сәуір айынан бастап Қызылорда облыстық қан орталығының директоры қызметін атқарады.

Бүгінде қан орталығында қан және оның компоненттерін өзірлеуде озық технологиялар қолданылады. Қан қызметін жетілдіру – еліміздің денсаулық сақтау жүйесіндегі басым бағыттардың бірі. Қазіргі таңда қарамағындағы қызметкерлермен бірге аталмыш орталықтың алдыңғы қатарлы медициналық мекемелердің бірі болуына тікелей үлес қосып отыр.

Еркебай Илиясұлының денсаулық сақтау саласында атқарған еңбегі ескеріліп, «ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Денсаулық сақтауға қосқан үлесі үшін» төсбелгілерімен, жалпымемлекеттік республикалық рейтинг бағдарламасы бойынша «Қазақстан даңқы» орденімен марапатталған. Денсаулық сақтауды ұйымдастыру және қан қызметін жетілдіру мақсатында Израиль, Польша, Австралия, АҚШ, Жапония, Нидерландия, Германия мемлекеттерінде болып, тәжірибе алмасқан.

«Гематология и трансфузиология Казахстана» журналының және «Сыр емшісі» облыстық медициналық газеті редакциясының, сонымен қатар Дүниежүзілік медициналық ассоциациясының мүшесі. «Бақыт та, бак та адал еңбекпен келеді, ал бұл қызметті айырыммен атқару үшін терең білім керек», – дейді ұжым басшысы.

Білікті маман, жастарға ұлағатты ұстаз Еркебай Илиясұлы өмір жолының асқар биігі алпыстың шыңына шығып отыр. Сүйікті жұбайы, білікті дәрігер Жанат апай екеуі бүгінде бақытты отбасы. Ұл-қыздары егемен еліміздің мақтанышы.

Облыстық қан орталығы ұжымы.

БҰЛ ТЕҚ СІЗГЕ
ЛАЙЫҚТЫ

☎ 2424
УЯЛЫ ТЕЛЕФОННАН ҚОҢЫРАУ ШАЛУ ТІГІН
23 11 84
26 33 67

АТФ Банк

* Клиент өнімінің стандартты шарттарына қатысты банк талаптарын орындағанда, қарыз сомасынан
Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі 28.12.2007 жылы берген Банкілік және басқа операцияларды жүргізуге және бағалы қағаздар нарығында қызметін жүзеге асыруға арналған №239 лицензия

БАЙҚАУ

ЕҢ ҮЗДІК ҚАЗАҚ ТІЛДІ МЕКЕМЕ

Тәуелсіздік күні мерекесіне орай облыстық тілдерді дамыту басқармасы «Ең үздік қазақ тілді мекеме» атты байқау өткізді.

Байқау талаптары бойынша сарапшылар мекемелердегі «Қазақ тілі» кабинетінің немесе «Мемлекеттік тіл саясаты» бұрышының ұйымдастырылуына, мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру бағытында қабылданған бағдарламалар мен іс-шаралар жоспарының жасалуына, мекеменің алқа мәжілісінде «Тіл туралы» Заңының орындалуы мәселелерінің қаралғандығына, көрнекі ақпараттарының заң талаптарына сай болуына, шығыс құжаттарының көрсеткіштеріне, мемлекеттік тіл саясатын жүргізуге арналған шаралардың ұйымдастырылуына мән берді.

Байқау қорытындысында І орынды облыстық келендік бақылау департаменті жеңіп алса, одан кейінгі орындар облыстық қаржы басқармасы мен облыстық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің департаменті озара бөлісті. Жеңімпаздар дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Айсауле ҚАРАПАЕВА.

«СЫРДАРІЯ» АЛЬМАНАҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

Сыр елінің рухани байлығын түгендеп, оқырман назарына ұдайы ұсынып отырған «Сырдария» альманағына жазылу жүріп жатыр. Сегіз қырлы, бір сырлы өнер иелерінің өнегелі жолы мен Сыр бойында өмір сүрген сандақтардың мол мұрасы альманах бетінен үнемі орын алып келеді. Алдағы жылы басылмышға жазылу бағасы алты айға – 2000 теңге, бір жылға – 4000 теңге.

Индексі: 74154.

Әрбір ауданда құрылған кредиттік серіктестіктер келесі бағыт бойынша несие береді:

1. «Сыбаға» бағдарламасы;
2. «Жедел-несие» кепілсіз несиелеу;
3. Егін шаруашылығын несиелеу;
4. Мал шаруашылығын несиелеу;
5. Ауылшаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді несиелеу;
6. Ауыл шаруашылығына жатпайтын кәсіп түрін несиелеу.

www.agrocredit.kz
Call Center - 8-800-080-70-80
(Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін)

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

Шиеді ауданы әкімдігі бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға ашық конкурс жариялайды:

1. «Шиеді аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы (Е-Р-4).

Қызмет өткерген жылдарына байланысты лауазымдық еңбек акысы 67266 теңгеден 87446 теңгеге дейін, (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда.)

Қызметтік міндеттері: Құрылыс жүргізуші мекемелер мен ұйымдардың қызметтеріне мемлекеттік реттеу жүргізе-ді. Аудан көлемінде құрылыстар салу, дамыту туралы бағдарламалардың іс-шараларын орындауды қамтамасыз етуге ықпал жасау. Құрылыс салдарына жұмыстарына мемлекеттік реттеу жүргізеді. Мемлекеттік бос әкімшілік лауазымдарына конкурс материалдарын дайындау. Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының, Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының, облыс, аудан әкімінің қаулыларының орындалуын қамтамасыз ету. Бөлімдегі тәртіптік, аттестациялық комиссияларының жұмысын үйлестіру.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Жоғары техникалық құрылыс инженері немесе сәулетші білімі. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі (техникалық құрылыс инженері немесе сәулетші) білімі барларға рұқсат етіледі.

2. Жауаптөбе, Еңбекші, Ортақшы ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маман, заң қызметкері (Е-Г-4) – 3 бірлік.

Қызмет атқарған жылдарына байланысты жалақысы 48047 теңгеден 67704 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Қызметтік міндеттері: Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтары мен Қазақстан Республикасы заңдарын, Үкіметтің қаулыларын, облыс, аудан және ауылдық округ әкімінің қабылдаған шешімдерінің орындалуы мен жүзеге асырылуын қамтамасыз ету. Ауылдық округ әкімінің шешімдері мен өкімдерін жобалайын әзірлеу, ауылдық округ әкімінің қабылдаған шешімдері мен өкімдерінің заңдылығын қадағалау. Мемлекеттік тіркеуге жататын құқықтық кәсіпкердің заңдылықта белгіленген мерзімде тиісті органға тіркеуге ұсыну. ҚР Үкіметінің, облыстың немесе ауданның бекіткен мемлекеттік бағдарламаларының орындалуына атсалысу.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Білімі- жоғары немесе ортадан кейінгі заңгерлік білім не орта техникалық немесе есептік білім.

3. Тартоғай ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маман, есепші (Е-Г-4).

Қызмет атқарған жылдарына байланысты жалақысы 48047 теңгеден 67704 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Қызметтік міндеттері: Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен Қазақстан Республикасы Заңдарының, Үкімет қаулыларының, облыс, аудан және ауылдық округі әкімінің қабылдаған өкім, шешімдерінің орындалуы мен жүзеге асырылуын қамтамасыз ету. Ауылдық округі әкімі аппаратының бухгалтерлік есеп жұмыстарын жүргізу, тауарлы-материалдық құндылықтарын және негізгі қорларын есепке алу, қызметкерлердің есепке қаулыларын, салықтарды және басқа да төлемдерді есептеу және уақытылы аудару, бюджет қаражатының тиімді жұмсалыну, тиісті бюджеттік бағдарламалардың әзірленуін, олардың уақытылы атқарылуын және ауыл өкімін және аппарат қызметкерлерін материалдық-техникалық, кенсе және шаруашылық тауарлармен қамтамасыз ету.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Жоғары немесе ортадан кейінгі экономикалық, бухгалтерлік, қаржыгер, есеп және аудит, менеджмент немесе есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету не орта техникалық немесе кәсіптік білім.

4. Сүгітөбе ауылдық округі әкімі аппаратының инфрақұрылымды дамыту жөніндегі жетекші маманы (Е-Г-4).

Қызмет атқарған жылдарына байланысты жалақысы 48047 теңгеден 67704 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Қызметтік міндеттері: Ауылдық округте салынып жатқан және жанадан салынатын өлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым нысандарындағы жұмыстардың сапалы орындалуына бақылайды. ҚР «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңы талаптарында айқындалған тәртіппен құрылыс, жобалық және басқа да құрылыс жұмыстары үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырады. Жобалық-сметалық құжаттамалар мен техникалық-экономикалық негіздемелерге тапсырыс беру алдында оған қарасты құжаттарды зерделейді. Ауылдық округте қажетті құрылыс нысандары жайлы мәліметтер мен жоғары орындарға берілетін ақпараттар мен есептерді жинақтап, қорытып ауыл өкімі арқылы тиісті орындарға жолдайды. Аудандық сәулет және қала құрылысы, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жоласушылар көлігі және автомобиль жолдары, жер және экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімдері мен жұмыс жасау және ауылдық округі әкімінің аппаратына келіп түскен хаттарды мерзімінде сапалы орындау.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Жоғары немесе ортадан кейінгі экономикалық, заңгерлік, техникалық немесе орта техникалық немесе кәсіптік білім.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымының мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін, «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жана саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс «Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасы 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа ниет білдірген азаматтар Шиеді ауданы әкімінің аппаратына келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) Осы қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;
- 2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3- қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;
- 3) Білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
- 4) Еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
- 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығы бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізімінде 2010 жылғы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
- 6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
- 7) Құжаттарды тапсыру сөтінде уәкілетті органдан белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат.

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Өңімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды өңімелесуге жіберу туралы хабарлар ету күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде Шиеді ауданы әкімі аппаратының ғимаратында, Шиеді кенті, Т.Рысқұлов көшесі №6 үй мекен-жайы бойынша өтеді.

Конкурсқа комиссияның қорытынды мәжілісі өңімелесу жүргізілген соң 2 жұмыс күн ішінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру жарияланған күннен бастап 10 жұмыс күн аралығында қабылданады.

Шиеді кенті, 120700, Т.Рысқұлов көшесі, №6 үй. Анықтамa телефоны: (8-724-32) 4-40-61.

Аталмыш лауазымдарға үміткерлер үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

Шиеді ауданы әкімдігінің конкурстық комиссиясы.

**ТАҢДАУ ЖАСА
ӨЗ ҮЙІҢДІ ЖАРҚЫРАТ!**

«Astana Solar» ЖШС фотоэлектрлі модульдер зауыты 100 пайыз қазақстандық кремний негізінде жасалған күн батареяларын шығарады. Өндірілетін қуат кепілдігі - 25 жыл. Өнім IEC61215 / IEC61730-1 / IEC61730-2 халықаралық стандарттарының нормаларына сәйкес келеді.

«Astana Solar» келесі қызметтерді ұсынады:

- ❖ Өндіру және сату
- ❖ Жабдықты жобалау, құрастыру және орнату
- ❖ Түрлі қуаттағы күн электр станцияларын толығымен дайындау
- ❖ Жаңа өнімдерді жасап шығару
- ❖ Сервистік және кепілдік қызметтер
- ❖ Кеңестер

Шағын және орта бизнес өкілдерін қызметтес болуға шақырамыз

ASTANASOLAR

010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Тұран даңғылы info@astanasolar.kz

тел.: +7 (7172) 55 14 51, 55 14 00
моб.: +7 (701) 765 58 36
факс: +7 (7172) 55 13 93

www.astanasolar.kz

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА

Қызылорда қаласы бойынша салық басқармасы «Жемқорлықпен күрес – басты міндет» атты ашық есік күні 2013 жылдың 18 желтоқсанында өткізілетінін хабарлайды.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 64 Г. Байланыс телефондары: 30-18-53, 23-56-05.

Қызылорда қаласы бойынша салық басқармасы.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Ұмбетов Ақылжан Сейлхановичтің атына Қызылорда облысы, Арал ауданы, Жаксықылыш кенті, Т.Әубәкіров көшесі І үйге берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-147-011-859 №0005245), техникалық құжаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Алайдарова Гүлжамила Талғатқызының атына Қазақстан Республикасы ІІМ-нен 31.01.2012 жылы берілген жеке куәлігі (032754353) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Егер сіз облыстық «Сыр бойы» және «Қызылординские вести» газеттеріне жарнама орналастырғыңыз келсе, мына телефондарға хабарласыңыз:

70-00-49, 70-00-52. E-mail: smjarnama@mail.ru

Меншік иесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

☎ қабылдау бөлмесі
тел/факс 70-00-36

Сыр бойы

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәли ӨБДІРАМАН

☎ қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары	70-00-43
Жауапты хатшы	70-00-81

Бөлімдер:

руханит және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
өлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

Меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07

Шиеді, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyl@mail.ru
site: www.syrboyl.kz

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу куәлігі №12993-Г; 27.08.2012 ж.

Ақпаратқа қатынасы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңдеуді және қайтарылмайды. Жарияландыр газеттің түпнұсқасын назардан білдірмейді. "АҚ" аяғылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылады. Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, (032754353) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Таралымы 21085

Тапсырыс № **25**